
ӘОЖ 338.43:338.242.2

А.А.Нұрғалиева, Е.А.Нұрғалиев, Р.Б.Сартова

*С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
(E-mail: sartova2010@mail.ru)*

Ауылдық аймақтар экономикасының даму деңгейлері

Мақала аймақтағы экономиканың даму мәселелерін және болашағын зерттеуге арналған. Аймақтың дамуы бұл экономикалық, өндірістік, техникалық, әлеуметтік, этнодемографиялық, табиғи-экологиялық және басқа да үрдістердің өзара байланысы арқылы сипатталды. Авторлар аймақтық басқарудың жалпы түріндегі ең басты мәселесі аймақтың экономикалық кеңістік арнасында экономикалық қорлардың айналымын реттеу және осының негізінде тиімді қайта өндірістік үрдісінде жатыр деген қорытындыға келді. Сонымен қатар аймақтардың экономикасының даму деңгейлерінің өз заңдылықтары бар, оның жан-жақты толықтай тіркеу негізінде аймақтың саясаты жасалу керектігі жайында ұсыныс жасады.

Кілт сөздер: аймақтағы экономика, аймақтық саясат, инфрақұрылымды дамыту, мемлекеттік реттеу, халықаралық экономикалық саясат, экономикалық өсім, экономикалық даму, инфрақұрылымды жетілдіру, халық шаруашылық салалары, аймақтық басқару.

Аймақтық басқарудың экономикалық негізінде мыналар жату керек: коммуналдық меншікке аймақтың құқы және барлық аймақтық қорларға ие болу, қолдану және жұмсауға республика берген өкілдігі. Ең алдымен, аймақтық органдардың мемлекеттік басқару функциясын, өз іс-әрекетінде республиканың мүдделерімен анықталатын артықшылықты жүзеге асырады.

Аймақтық басқарудың жалпы түріндегі ең басты мәселесі аймақтың экономикалық кеңістік арнасында экономикалық қорлардың айналымын реттеу және осының негізінде тиімді қайта өндірістік үрдісі жатыр. Экономиканың негізін екі іргелі ақиқат құрайды және олар шын мәнінде экономиканың барлық мәселелерін қамтиды.

Аймақтың қабілеттеріне жауап бере алатын, көліктік және ауылшаруашылық машина жасауды дамыту, жоғары сапалы металдар шығару, сондай-ақ жеңіл және тамақ өнеркәсібіне өндірістік жабдықтарды шығару ең бастысы болуы мүмкін. Ауыл аумақтардағы және ауыл шаруашылығы жұмыскерлерінің әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалы демографиялық жағдайдың нашарлауына алып келеді.

Әлемдік және қазақстандық тәжірибе ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігін дамытудың түрлі үлгілерін ұсынады, олар соңғы тұтынушының сұранысын қанағаттандыруға және агроөнеркәсіп кешенін құруға негізделген әр түрлі біріктірілген корпоративтік құрылымдарға бағытталады.

Соңғы онжылдық ішінде аймақтық теорияларды зерттеуге (соның ішінде аймақтық саясат теориясына) аз көңіл бөлінді. Бұған қарамастан, аймақтың экономика туралы шығарылған кітаптар аз емес, аймақтық экономикасының теориялық негіздері тек кейбірінде ғана қарастырылған. Аймақтық саясат теориясының аймақтардың экономикалық дамуының мемлекеттік реттеу бағытын түзеді. Аймақтық өсім теориясын құрудың екі жолы бар [1]. Біріншісі — жалпы мемлекеттің жалпы экономикасының өсуін түсіндіруі үшін жасалған аймақтарға қолданылатын экономикалық өсім үлгілеріне баламалы болатын. Екінші — жеке кәсіпорындардың немесе фирмалардың іс-әрекетінің талдауына негізделген, өйткені олардың іс-әрекеті аймақтық дамуды анықтайды.

Аймақтардың экономикалық дамуын мемлекеттік реттеу теориясы екі негізгі сұраққа жауап беруі керек: Аймақтық саясаттың мақсатымен объектісі қандай болуы керек? Тандалған аймақтардың экономикалық дамуын ынталандыру тәсілдері қандай болуы керек?

Бірінші сұраққа жауап аймақтардың экономикалық дамуының реттеу объектілері мен мақсаттарының қажеттіліктері аймақтың өсім теориясынан шығады. Себебі, классикалық емес теориясының негізгі тұжырымы бойынша, уақыт өткен сайын аймақтардың экономикалық даму деңгейі теңеледі, аймақтық теориясының дамуының бастапқы кезеңінде бұл ғылыми мектептің жақтастары мынадай тұжырымға келді аймақтардың экономикалық дамуына мемлекет араласқан дұрыс емес.

Кумулятивтік өсім теориясының жақтастары өсуден немесе кем дегенде аймақтың экономикалық даму деңгейлерінің сәйкессіздік сақтаудан шығады, керісінше, аймақтың саясатын белсенді жүргізуді ұсынды. Аймақтардың экономикасының даму деңгейлерінің айырмашылықтарын азайту секілді аймақтық саясаттың мақсатын оларға тиесілі. Бұл бойынша мемлекет ең нашар дамыған аймақтардың экономикалық дамуын ынталандыру керек.

«Территориялық әділдіктің» қажетті минималды деңгейіне жету проблемасы, проблемалық аймақтарға ағындық қаржылық көмек беру арқасында негізінен шешілу мүмкін және керек. Аймақтардың экономикалық дамуының мемлекеттік реттеу әдістер жиынтығы бір теориялық тұжырымдамаға бағынбайды және мемлекеттің нақты проблемаларына байланысты әр елде айрықша болады. Мұнда жеке инвесторлар үшін аймақтардың тартымдылығын көтеру үшін қолданылатын тәсілдер принципіалды түрде әр түрлі екі топқа бөлінеді:

- а) теория қасиеттерін жақсарту — инфрақұрылымды жетілдіру;
- ә) аймақтарға келетін инвесторларға белгілі бір жеңілдіктер жиынтығын беру.

Таңдау кезінде мынаны ескеру керек, инфрақұрылымды дамыту, аймақтың экономикасының ұзақ уақытта перспективада өсіміне жақсы жағдай жасайды, ал қаржылық көмек бірқатар жағдайларда уақытта тиімділік береді. Жалпы экономикалық дағдарыс жағдайында салааралық, аймақаралық өндірістік байланыстардың іштей күрделенуін, халық шаруашылық салаларының арасында өзара тәуелділіктің өсуін байқаймыз. Республика экономикасының және оның аймақтарының және облыстарының керектіліктерін үйлесімдіктерін қамтамасыз ету тапсырмасы осыған байланысты үлкен мағынаға ие болады, өндірістік инфрақұрылымы бір халық шаруашылық кешенінің арнасында ықшамдау.

Кенес Одағын ведомстволарының мүдделерінен шығатын республикалар мен аймақтар дамытуының тәжірибесі олардың кешендік дамуының міндеті қажеттіліктерімен сәйкес келмейді және қазіргі кездегі халық шаруашылық кешенінің экономикалық тепеңдігінің бұзылуы өтпелі кезеңнің объективтік қиындықтарымен қатар, қоғамдық өндіріс саласындағы дағдарысты күрделендіреді [2].

Табиғи қорлар, өндірістік күштер, өндірістік қатынастардың әр аймақта өз ерекшеліктері бар, сондықтан қалыптасқан өндірістік құрылымында да өндірістік тиімділік деңгейінде де айырмашылықтары үлкен, олар аймақтардың әлеуметтік және экономикалық, тарихи, табиғи ерекшеліктерімен объективті жағдайлармен түсіндіріледі. Біздің ойымызша, олардың ең маңыздысы қамтамасыз ету болып табылады:

- әр түрлі қорлармен, олардың құрылымымен санымен, сапасымен, еңбек қорларымен, кәсіби және квалификацияланған құрылымымен;
- өндірістің құрылымы және мамандырылған өндірістік еңбектің бөлінуі;
- қалыптасқан экологиялық жағдай және қоршаған орта жағдайы.

Жоғарыда аталған аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, жеке салалармен өндірістердің аймақтың даму жолын анықтау, қоғамдық шығындарын көп көлемде үнемдеуге мүмкіндік береді және экономиканың қарқынды дамуына әсер етеді. Жалпы өндірістік территориялық құрылымын рационалдау осы немесе басқа аймақты қажетті масштабтарында көмекші өндірістерді дамуын қамтамасыз етуге, қоршаған ортаны қорғауға және табиғи қорларды рационалды қолдануға бағдарланған өндірістік инфрақұрылымның салааралық объектілерін құруға бағытталған.

Экономиканың оңтайлы құрылымын құру нарықтық шаруашылыққа көшу қажетті шарты және оның жақсы функциялануына жағдай жасайды. Қазіргі кездегі күрделілігі Солтүстік Қазақстанда да, жалпы республикада да, халық шаруашылық кешенінің мамандануының қалыптасқан деформациясының тереңдігі, өндірістік инфрақұрылымын экономика жолындағы негізі кедергісі, ол нарықтық механизмдерге негізделген қоғамдық өндірістерді ұйымдастырудың жаңа формасында оның негізінде республиканың экономикалық егемендігі және оның аймақтарының кешенді даму принципі жатыр [3].

Жаңа түсінік бойынша аймақтың дамуы — бұл экономикалық, өндірістік техникалық, әлеуметтік, этнодемографиялық, табиғи-экологиялық және басқа да үрдістердің өзара байланысқан, тығыз тәуелділіктегі белгілі бір аймақтың шекарадағы локализацияланған динамикалық жиынтығы. Осы өзара байланысқан үрдістердің даму жиынтығының өз заңдылықтары бар, оның жан-жақты толықтай тіркеу негізінде аймақтың саясат жасалу керек.

Аймақтық басқарудың жалпы түріндегі ең басты мәселесі аймақтың экономикалық кеңістік арнасында экономикалық қорлардың айналымын реттеу және осының негізінде тиімді қайта өндірістік үрдісі жатыр.

Жоғарыда аталған Қазақстанның және оның аймақтарының өндірістік құрылымында өндіруші салалары басым. Республиканың экономикалық дамуының стратегиялық жоспарларында мұндай сәйкессіздікті жою қарастырылған, ол белгілі бір уақыт бойы сақталады.

Экономиканың негізін екі фундаменталды ақиқат құрайды және олар шын мәнінде экономиканың барлық мәселелерін қамтиды.

Бірінші ақиқат: қоғамның материалдық қажеттілігі шексіз немесе тойымсыз.

Екінші ақиқат: экономикалық ресурстар шекті немесе сирек.

Кәсіпкерлік қызметтің факторларына экономикалық ресурстар жатады. Экономикалық ресурстар — тауар өндіруде қолданылатын барлық табиғат, адам және адамдардың өндірген құрал-жабдық ресурстары. Олар: фабрика, зауыт және ауыл шаруашылық құрылыстары, әр түрлі жабдықтар, құралдар, өндірістік тауарлар мен ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруге қолданылатын машиналар, әр түрлі көлік, байланыс құралдары, материалдық байлықты өндіруге қатынасатын алуан түрлі еңбектер, жер және қазбалы байлықтар.

Ол ресурстар мынадай үлкен екі категорияға бөлінеді:

1. Материалдық ресурстар — жер, оның табиғи байлығы және капитал.
2. Адамдар ресурсы — еңбек және кәсіпкерлік қабілеттілік.

Кәсіпкерлік қабілеттілік — адамдардың ерекше таланттылығы. Оны түсіну үшін кәсіпкердің 4 қызметін түсіну керек, атап айтқанда:

1. Кәсіпкер барлық ресурстарды: жер, капитал және еңбекті өнім өндіру процесіне қосу ынтасын өз жауапкершілігіне алады, яғни өндірістің қозғаушы күші, себебі орындаған жұмысы мен көрсеткен қызметі табыс беретініне сенеді.

2. Кәсіпкер өндіріс процесінде барлық негізгі шешімдерді өз қолына алады және кәсіпорынның (фирманың) іс бағытын айқындайды.

3. Кәсіпкер — бұл жаңашыл, коммерциялық негізде жаңа тауар өндіруді, жаңа технологияны енгізу, бизнесті ұйымдастырудың жаңа формаларын енгізуге аянбай жұмыс істейтін кісі.

4. Кәсіпкер — бұл тәуекелге баратын кісі. Тәуекелге бару үшін істелетін істің егжей-тегжейін айқын талдап, қорытындысында не болатынын білген жөн (капитализм кеңес өкіметі емес, ешкім жай ғана көмек көрсетпейді).

Кәсіпкер тек қана өз уақытын, еңбегін, іс қабілеттілігін тәуекелге салмайды, сонымен бірге өндіріске кеткен өзінің және өзінің қоғамдық инфрақұрылымын қайта құру үрдісінде басқа жолдарды бір уақытта бекіту қажет, өндіруші салаларға жаңа технологияларды енгізу керек. Осы салалардың өнімі халық шаруашылық кешенін модернизациялау үшін ішкі қаржы қорларын жинаудағы негізгі жолы болып табылады және қалыптасқан өндірісті ұйымдастырудың экстенсивті сипаты қоғамдық өндіріс сферасының басты проблемалардың бірін түрлендіреді.

Республикалық халық шаруашылық кешенінің құрамдас бөлігі ретінде аймақтың рационалды өндірістік инфрақұрылымын құру мақсаты, әлеуетіне сәйкес Қазақстанның стратегиялық мақсаттарына жетудегі облыстардың рөлі мен орнын анықтау керек. Осыған қарап облыстарда өндірілуі, қандай көлемде дамуы қажет екені және экономикалық тиімді өнім саласы қандай екенін анықтау қажет.

Қазіргі кезеңнің басты мақсаты өнеркәсіп өндірістің тұрақтандырылуы және модернизация болып табылады. Оның маңыздысы металлургиялық-машина жасау технологиялық байланысы болу керек.

Металлургия өндіруші және өңдеу салалар дамуының негізі болып табылады. Солтүстік Қазақстанда көп салалы машина жасауды дамыту үшін қажетті жағдайлар бар: жергілікті шикізат, энергетикалық және су қорларына бағадарланған, дамыған металлургиялық база, өндірістік база, квалификациялаған кадрлар.

Осы проблеманы дұрыс шешу мақсатының ең басты шарттарының бірі, біздің ойымызша, аймақтың өндірістік инфрақұрылымын жасаудың мемлекеттік реттеу, сондай-ақ Республиканың сыртқы экономикалық саясаты болып табылады.

Соңғы жылдардың жақсы экономикалық өсімі көбінесе конъюнктуралық сипатта және өндірістік-техникалық базаның дамуы мен өсуіне іс жүзінде тікелей әсері жоқ факторларға байланысты.

Тұрақты өсім траекториясына шығу үшін, ең алдымен, халықаралық нарықта жақсы бәсекелесе алатын инновациялы-белсенді шаруашылық құрылымдарын жасау керек, ғылыми техникалық дамудың басты бағыттарына қорларды жинастыру қажет, инновациялық белсенділікті нығайтуға бағытталған экономикалық саясат керек. Бұл проблеманы шешу екі өзара байланысқан жазықтықта жатыр. Біріншіден, инновациялық дамуға жақсы әсер ететін сыртқы ортаны құру қажеттілігі, екіншіден, ғылыми-техникалық өндірістік және әлеуетті ескере отырып, инновациялық типті шаруашылық құрылымын түзетін механизмін жасау керек [4].

Кәсіпорындардың территориялық жақын орналасуы ғылыммен өндірісті толықтай және тиімді байланысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ғылыми және өндірістік базаны рационалды қолдануға, жарық техника кадрларының деңгейін көтеруге, ғылыми жаңалықтарды өндіріске енгізуді жылдамдатуға, Республикамыздағы ғылыми-техникалық және инновациялық салаға қосымша бюджетті және бюджеттік емес инвестицияларды тартуға, ғылыми зерттеуге бөлінетін бюджеттік қаражаттарды тиімді қолдануын көтеріп қайтаруын қамтамасыз етеді.

Нарықтық қатынастардың дамуы мен қалыптасуы кезеңінде тауар өндірушілер мен қайта өңдеу кәсіпорындары және сауда ұйымдарының арасындағы қарым-қатынастардың қайшылықтары асқына түсті. Осы нарықта субъектілер арасындағы кәсіпкерлік байланыстар қауіп-қатерде болды. Ең тиімсіз жағдайға өнім өндірушілер қалып отыр. Монополистік кәсіпорындар шикізатты қайта өңдеу өнеркәсібінде төмен бағамен сатып алатын айналым қорларының жетіспеушілігіне, инвестициялардың қысқаруына, оның салдары тыңайтқыштар мен гербицидтерді қолданудың азаюына, техникаға жүктеменің көбеюіне, нақты жалақы деңгейінің төмендеуіне алып келеді.

Ауыл аумақтардағы және ауыл шаруашылығы жұмыскерлерінің әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалы демографиялық жағдайдың нашарлауына алып келеді.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуына әрекет етуші қаржы-несиелік механизмдердің несиені пайдаланғаны үшін жоғары пайызы оңтайлы әсерін тигізбеді. Аталған жағдайлардағы қатынастарда банктер ауыл шаруашылығына қаражат салуға қызығушылық танытпайды, себебі онда қор айналымы басқа салаларға қарағанда едәуір төмен.

Ауыл шаруашылығының нарықтық қайта құрылуы кезінде аграрлық кәсіпкерлік ерекше дамуда, әр түрлі кәсіпкерлік құрылымдар, шағын, орта және ірі кәсіпкерліктердің дамуына ерекше көңіл

бөлінген, агроөнеркәсіптік өндірістердің бәсекеге икемді, теңгерілімді, аяғынан нық тұрған, тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету және олардың тұрмыс сапасы көрсеткіштерінің оң динамикасын орнықтыруға бағытталған, аграрлық экономиканың жұмыс жасауының жүйелік тәртібі мұның негізі деп түсінеміз.

Қазақстан үшін алда көптеген мәселелер тұрды, болашақта дамыту процестерінде пайда болатын еліміздің шикізатқа бағытталған экономикалық өсу қарқынын тоқтатты, оны дамыту үлгілерінің тиімділік жақтарын, пайдалану мүмкіндіктерін және, керісінше, құтылу мүмкіндігін де көрсетті, дамыған елдердің саясаттары, экономикалары және күштері өзара байланыстылығын байқатты.

Қазақстанның экспорттық өнімдеріне сұраныстың азаюы, сыртқы саудада әріптес елдердің қаржылық тұрақсыздануы, ұлттық валютаның құнсыздана бастауы, елдің сауда және төлем балансының төмендеуі, экономикалық ішкі дағдарыс құбылыстарының артуы: бюджет тапшылығының өсуі, төлем дағдарыстары және басқа да мәселелер байқалды.

Әлемдік және қазақстандық тәжірибе ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігін дамытудың түрлі үлгілерін ұсынады, олар соңғы тұтынушының сұранысын қанағаттандыруға және агроөнеркәсіп кешенін құруға негізделген әр түрлі біріктірілген корпоративтік құрылымдарға бағытталады [5].

Ауыл шаруашылығында кәсіпкерліктің негізгі субъектісі — шаруа қожалығы. Шаруа қожалығы — өзінің қызметтерінде толық экономикалық еркіндігі бар және тауар өндірушілерге тәуелді емес. Қазіргі кезде шаруа қожалықтарын дамытудың мәселелері жөнінде толық баяндау үшін, ең алдымен, кәсіпорынның бұл түрінің түсінігіне тоқталып өткен жөн. Ауыл шаруашылығының тәжірибесінде және ғылыми әдебиеттерде кең көлемде қарастырылған және оған әр түрлі ой-пікірлер келтірілген [6].

Кейбір зерттеушілер былайша тұжырымдайды, шаруа қожалығы — бұл өз алдына бір түсінік, ал қожалық — мүлдем басқаша ұғым, ол тауарлық деңгейін арттырады және шаруа қожалықтарының өндірген өнімінің көлемі тек қожалықта қалыптасады. «Шаруа қожалығы» деп натуралды шаруашылықты да айтуға болады, ал шаруа қожалықтарында жоғары тауарлы кәсіпкерлік қызмет әрекет етеді. Ал кейбір жағдайда шаруа қожалығы — бұл өмірдің әлеуметтік бейнесі, яғни отбасының қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталады, ал басқа жағынан, қожалық — бұл ауыл шаруашылығы агробизнесінің әлеуметтік-экономикалық түрі.

Елімізде шаруа қожалықтарының көбі әлі де қалыптасу кезеңін бастан кешіруде, сол себептен олар мемлекет тарапынан қомақты экономикалық қолдауды қажет етеді. Адамдар меншікті істі тек нағыз бастамашыл жандар ғана, көмексіз бастай алатын тәуекелге бас тігу екенін түсінеді. Осы тәуекелді азайту үшін үкіметтік жәрдемнің арнайы тетігі қажет, ал соңғы кезде Қазақстан Республикасында қабылданған нормативтік актілерде ол ішінара қарастырылған.

Қазақстан Республикасының «Шаруа қожалықтары жөнінде» Заңына сәйкес, «шаруа қожалығы бұл адамдардың жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруы, ауыл шаруашылығына арналған жерлерді ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен, сондай-ақ осы өнімді ұқсатумен және өткізумен тығыз байланысты отбасылық-еңбек бірлестігі» деп танылады. Шаруа қожалығының субъектісі болып, заңды тұлға құрмай және заңды тұлға белгілері болмаған жағдайда кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар табылады.

Қазақстанның экономикалық іс-әрекеті республиканың мемлекеттік органдары мен министрліктері мен және комитеттерімен реттеледі. Экономикалық байланыстардың дұрыс және мақсатты дамуы үшін ең бастысы негізделген экономикалық саясат болып табылады. Экономикалық саясат мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі бөлігі болып табылады.

Қазақстанның экономикалық саясатының тиімді болуына әлемдік ТНҚ мен қарым-қатынасының дамуы үлкен әсер етуі мүмкін, егер бүгінгі күннің өзінде экономикалық және құқықтық сипаттағы барлық жағдайларға ие болып отырған жеке қазақстандық фирмалардың ынтасы болса. Бұл шаруашылық бірліктерінің халықаралық экономикалық қарым-қатынастарға ену формалардың түрлендіруге мүмкіндік береді. Бұл жағдайды сыртқы экономикалық саясатының мақсаты тек қана ынтасын білдіру үшін жағдай жасау ғана емес, сонымен қатар әлемдік тауар нарығына бәсекелестігі жоғары өніммен шығуды ынталандыру болып табылады.

Аймақтық саясат халықты еңбекпен қамтамасыз етуді және экономикалық өсуге жағдай жасауға бағытталған, аймақтың еңбек нарығында жағдайды жақсартуға және құрылымдық түрлендіруді жеңілдету үшін, ұзақ уақытта және бәсекеге қабілеті жұмыс орындарын құрумен, құрылымдық нашар аудандарын экономикалық өсімін жақсартуға ерекше назар аударады.

Мемлекеттің экономикалық іс-әрекетін тиімділігі және реттеу мемлекеттің аймақтың саясатының бөлінбес бөлігі болып табылады.

Экономикалық іс-әрекетті мемлекеттік реттеу саны да және мазмұны бойынша елдің даму деңгейі мен жағдайына, халықаралық экономикалық саясаттың өзгеруіне және әлемдік нарықтың

конъюнктурасына, экспортты-импортты операциялар облысындағы мемлекет жүргізетін саясаттың сипатына және шетелдік инвестицияларды ынталандыруға байланысты өзгеріп отырады.

Қазақстанда шетелдік инвесторларды тарту үшін және отандық кәсіпкерлердің жұмыс істеуі үшін және өнімді экспорттау және импорттау бойынша тауар өндірушілерге арналған көптеген спецификалық жағдайлар жасалған. Қазақстандағы саяси тұрақтылық және сыртқы сауданың либерализациясы үшін экономикалық реформаларды тереңдетуге қатыстылығы шетелдік инвесторларды және кәсіпкерлер үшін заңдарды ыңғайлы қылып тұрақты түрде жетілдіріп жаңа заңдарды енгізу жақсы таныс. Экономикалық қарым-қатынаста экспорттық-импорттық операциялар ең көп тараған, оларды жүзеге асыру сұрақтары қарастырылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Омурзаков Т.* Особенности национальной инновационной системы Казахстана // Саясат. — 2008. — № 1. — С. 38–43.
- 2 *Нұрғалиева А.А.* Ауылдық аудандарда әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың экономикалық механизмі: Монография. — Павлодар: «Кереку» баспасы, 2011. — 176 б.
- 3 *Үмбеталиев А.Д., Керімбек Ф.Е.* Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік. — Алматы: Бастау, 2002. — С. 98–113.
- 4 *Evenson R.E.* Economic Impacts of Agricultural Research and Extension. [ER]. 2001. Access mode: <http://escop.ncsu.edu/infobook/evensonhandbookchapter1.pdf>. — Date of access: 13.08.2013.
- 5 More and Better Investment in Agriculture//World Bank [ER]. 2010. Access mode: <http://web.worldbank.org/WBSITE/EXTERNAL/EXTDEC/EXTRESEARCH/EXTWDRS/0,,contentMDK:23092384~pagePK:478093~piPK:477627~theSitePK:477624,00.html>.-Date of access: 10.09.2013.
- 6 FAO Statistical Yearbook 2013// Food and Agriculture Organization of the United Nations [ER]. 2013. Access mode: Mode of access: <http://www.fao.org/docrep/018/i3107e/i3107e00.htm>.-Date of access: 23.09.2013.

А.А.Нурғалиева, Е.А.Нурғалиев, Р.Б.Сартова

Уровень развития экономики сельских регионов

Статья посвящается проблемам развития экономики региона, рассматривается перспектива развития экономики Казахстана. Определено, что совокупность методов, обеспечивающих государственный контроль экономического развития регионов, не подчиняется одной теоретической концепции. В этом отношении в статье выявляются особенности определенных проблем в разных регионах. Выделено, что региональное развитие — динамическая совокупность экономических, производственно-технических, социальных, этнодемографических, природно-экологических процессов, связанных между собой и локализованных в пределах определенного региона. Показано, что главный вопрос регионального управления — в упорядочивании оборота экономических ресурсов в русле регионального экономического пространства и осуществлении на этой основе эффективного вторичного производственного процесса. Подчеркнуто, что существуют определенные закономерности регионального экономического развития, и политика развития региона полностью основывается на их выявлении.

A.A.Nurgaliyeva, Ye.A.Nurgaliyev, R.B.Sartova

Level of development of economy of rural regions

Purpose — Economic role and importance of social infrastructure predetermine a special need for comprehensive improvement of management of the sphere at the level of each region. Methodology — Natural and effective form of economy management in agrarian sector is the farm household. It is there can be most completely into account the specific biological factors of production organization in the industry and created the most favorable conditions for the efficient use of land and water, growth and development of plants and animals. Economic role and importance of social infrastructure predetermine a special need for comprehensive improvement of management of the sphere at the level of each region. Originality value — Research of social and industrial infrastructure of the village and development of proposals on development of social infrastructure investment process and protection rural population. Natural and effective form of management in agrarian sector is farm household. Findings- Efficient industrial activity of agricultural enterprises requires the creation of necessary conditions for workers in the labor process, and in the reproduction of the workforce. This task is intended to perform business and support units of infrastructure. In the long term development of agriculture it also depends on social conditions in rural areas.

References

- 1 Omurzakov T. *Sayasat*, 2008, 1, p. 38–43.
- 2 Nurgaliyeva A.A. *Auıldik audandarda aleumettk infrakurilimdi damutudun 'ekonomikalyc mehanisimi*, monography, Pavloar: «Kereku» Publ., 2011, p. 176.
- 3 Umbetaliyev A.D., Kerimbek G.Ye. *Kasihohin economicasi shane kasihkerlik*, Almati: Bastau, 2002, p. 98–113.
- 4 Evenson R.Ye. *Economic Impacts of Agricultural Research and Extension*, [ER]. 2001, Access mode: <http://escop.ncsu.edu/infobook/evensonhandbookchapter1.pdf>. — Date of access: 13.08.2013
- 5 *More and Better Investment in Agriculture* // World Bank [ER]. 2010, Access mode: <http://web.worldbank.org/WBSITE/EXTERNAL/EXTDEC/EXTRESEARCH/EXTWDRS/0,contentMDK:23092384~pagePK:478093~piPK:477627~theSite PK:477624,00.html>. -Date of access: 10.09.2013.
- 6 FAO Statistical Yearbook 2013// Food and Agriculture Organization of the United Nations [ER]. 2013, Access mode: <http://www.fao.org/docrep/018/i3107e/i3107e00.htm>. -Date of access: 23.09.2013.

УДК 338.242.4.025.87

Т.Б.Казбеков, А.З.Стыбаева

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

Повышение конкурентоспособности отраслей национальной экономики за счет увеличения производительности труда

В статье рассмотрено содержание Концепции инновационного развития Казахстана до 2020 г., в которой определены три основные группы вызовов. Особо подчеркивается необходимость повышения производительности труда как ключевой задачи нового этапа экономического развития республики. Определены методы изучения и показатели уровня производительности труда на предприятиях. Отмечается, что разработка конкретных мероприятий для обеспечения более эффективного и полного использования трудового потенциала предприятия требует классификации факторов, влияющих на производительность труда. Авторами делается вывод, что инновации как инструмент повышения конкурентоспособности экономики могут найти весомое место в Программе «Производительность – 2020».

Ключевые слова: инновационное развитие, производительность труда, потенциал, повышение, определение, факторы, программа.

Концепция инновационного развития Казахстана до 2020 года

В свете реализации Стратегии «Казахстан-2050» Республика Казахстан (РК) сегодня стоит на пороге очередного этапа развития. Правительство РК разработало новую Концепцию инновационного развития до 2020 г., в которой определены три основные группы вызовов [1; 17]:

Первая связана с необходимостью модернизации традиционных отраслей экономики (таких как нефтегазовый сектор, нефтепереработка, ГМК, геология, энергетика, строительство, сельское хозяйство и пр.) и вывода их на новый уровень конкурентоспособности и технологического развития.

Вторая группа вызовов определяется инновациями в социальной сфере. Приоритетом здесь становится внедрение новых технологий в медицине, образовании, сфере ЖКХ, предоставлении государственных услуг. Примером работы в этом направлении является проект Smart City, в рамках которого в Астане внедряется современная система управления городом.

Третья группа — это новые технологические вызовы третьей индустриальной революции. Среди ключевых трендов в этой сфере обозначены автоматизация производства, включая интеллектуальные производственные системы, применение новых материалов (таких как биокomпоненты, металлографика, капиллярные структуры), логистика нового поколения, а также новые энергетические технологии.

С учетом обозначенных вызовов в Концепции сформированы три основных направления дальнейшего инновационного развития страны.